



№2(2) 6 қараша 2014 жыл, бейсенбі

### Колледждегі тәрбие жұмысы

**14.10.2014ж.**

Колледжде ТарМПИ «Дінтану орталығының» бас маманы, дін танушы Б.Қ. Алпысбаев және «Ел қанаты» ҚҚ өкілі А.К.Мукатаевамен «Жастар арасындағы діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу» тақырыбында білімгерлермен кездесу өткізілді.



**17.10.2014ж.**



Колледж айналасын көгеріштендіру мақсатында директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары Қ.У Ноғаев су қондырғыларын орнату жұмыстарын сәтті аяқтап, колледж сумен қамтамасыз етілді. Су қондырғыларының ашылу салтанатында колледж директоры С.Қ.Қоңырова, ардагер ұстаз Ш.И.Шумаева, лента кию рәсіміне қатысты.

Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының «Ғылыми-тәжірибелік дене шынықтыру орталығында» волейболдан өткізілген VIII-Жазғы Спартакиадасында Жамбыл медициналық колледж білімгерлері II-орынды иеленіп, дипломмен марапатталды.




№1 арнайы пәндер ЦӘК оқытушылары салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытында «Тиімді тамақтану» айлығын өткізді.



Мақсаты: Білімгерлерді семіздіктің алдын алуға және дұрыс тамақтануға тәрбиелеу, салауатты өмір салтын насихаттау, үгіттеу.

**24.10.2014ж.**

Жамбыл облысының 75 жылдығына орай Қ.Рысқұлбеков атындағы саябағының маңында «Еңбек даңқы» аллеясы салтанатты түрде ашылып, колледж директоры С.Қ.Қоңырованың аты «Құрмет тақтасынан» орын алды. «Еңбек даңқы» аллеясының ашылуына Республиканың, Жамбыл облысының, Тараз қаласының еңбек сіңірген қоғам қайраткерлері мен өнер майталмандары қатысты.



Біздің мекен-жайымыз: Тараз қаласы, Жамбыл медициналық колледжі Ниетқалиев к. 20, 2 қабат әдістемелік кабинет.



## Жамбыл облысына 75 жыл!

Жамбыл облысы тұрғындарын Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев облыстың 75 жылдық мерейтойымен құттықтады.

1939 жылы қазанда Қазақ КСР-і Үкіметінің шешімімен Әулие ата облысының атауы Жамбыл облысы болып ауыстырылды. Бұл Жамбыл облысының құрылған күні саналады.

«Қазақстандықтар өзінің тарихи көрікті жерлерімен және әлеуметтік-экономикалық дамудағы жетістіктерімен белгілі болған сіздердің өлкелеріңізге әрдайым зор үміт артқан және артып та келеді. Жамбыл облысы да тәуелсіздік жылдарындағы түбегейлі реформалардың арқасында үлкен өзгерістерге ұшырады. Соңғы жылдары аймақтың инфрақұрылымының дами түскені қуантады, ал ірі өндірістік жобаларды іске асыру нәтижесінде елдің әл-ауқаты артып, мәдени-тұрмыстық жағдайы жақсарды», - делінген ҚР Президентінің құттықтауында.

«Бүгінде үдемелі индустриялық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасының шеңберінде облыста 41 жоба жүзеге асырылуда, оның 29-ы іске қосылды. Оның ішінде бізде бұрын шығарылмаған өнімдерді өндіретін кәсіпорындар бар. Осының бәрі облыстың жарқын келешегіне үміт ұялатады. Кеден одағының белсенді жұмысы, Батыс Еуропа-Батыс Қытай автомагистралін пайдалану, өнеркәсіпті, ауыл шаруашылығын, туризмді дамыту арқылы облыс халқының тыныс-тіршілігі жаңа сапалы деңгейге көтерілетіні сөзсіз. Облыстың көпұлтты халқы «Қазақстан-2050» стратегиялық бағытын жүзеге асыру ісіне өзінің лайықты үлесін қосады деп үміттемін», - деп атап өтті Мемлекет басшысы құттықтау сөзінде.



**Бүгінгі нөмірде:**

- ✓ **Жамбыл облысына 75 жыл!**
- ✓ **«Үздік ағылшын тілі пәнінің оқытушысы – 2014» байқауына колледжде өткізілген ашық сабақтар**
- ✓ **Біліктілікті жоғарлату**
- ✓ **Колледждегі тәрбие жұмысы**
- ✓ **Мерейтой (қосымша №2 (2) 6 қараша 2014 жыл бейсенбі)**

**14.10.2014ж.**

Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты қалыптастыру бағытында әлеуметтік-экономикалық жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндері ЦӘК оқытушылары Жамбыл облысына 75 жыл толуына байланысты колледжішілік ғылыми – тәжірибелік конференциясын өткізді.



Конференцияның мақсаты: жастарды ғылыми жұмыстарға ынталандыру және Жамбыл облысының өзекті мәселелерін зерделеу және талқылау.

Конференцияға қатысқан білімгерлер мадақтамалармен марапатталды.

## Колледжде өткізілген ашық сабақтар

**22.10.2014 ж.**

Ағылшын тілі пәнінің оқытушысы Баяхмет Д.Б. «Емдеу ісі» бөлімі 207 топта «Кәсіби ағылшын тілінен» «Water. Reciprocal and Relative Pronouns» тақырыбында ашық сабақ өткізді.



Сабақтың мақсаты: білімгерлердің тақырып бойынша сөз қорын ауызша және жазуда кеңінен қолдануын қамтамасыз ету. Ашық сабақта ақпараттық-коммуникативтік технологиялар қолданылды. Сабақ жақсы деңгейде өткізілді.

**20.10.2014 ж.**

Ағылшын тілі пәнінің оқытушысы Кенбаева Н.М. «Емдеу ісі» бөлімі 112 топта «A hobby. Numerals. Cardinal numerals» тақырыбында ашық сабақ өткізді.

Сабақтың мақсаты: білімгерлерді сан есімнің жасалуы мен қолданылуын меңгерту, сауатты жазуға үйрету, сөздік қорын дамыту. Оқытушы сабағында дамыта оқыту, ойын технологияларының элементтерін қолданды. Сабақ өз мақсатына жетті.



**23.10.2014 ж.**


Ағылшын тілі пәнінің оқытушысы Саурбаева Л.Б. «Емдеу ісі» бөлімі 102 топта «A Time-table. Ordinal Numerals» тақырыбында ашық сабақ өткізді.

Сабақтың мақсаты: Сан есімнің және реттік сан есімнің қолданылуын үйрету, ағылшын тілінде сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, жаңа тақырыпты интерактивті әдістердің көмегімен оқыту. Сабақ өз мақсатына жетті.



**23.10.2014 ж.**

Ағылшын тілі пәнінің оқытушысы Ақпанова А.И. «Емдеу ісі» бөлімі 201 топта «Кәсіби ағылшын тілінен» ашық сабақ өтті. Тақырыбы: «Water. Reciprocal and Relative Pronouns».



Сабақтың мақсаты: ағылшын тілін үйретуде интерактивті тақтаны және ойын технологияларын тиімді қолдану. Сабақ жоғары деңгейде өтті, мақсатына жетті.

**27.10.2014 ж.**

«Емдеу ісі» бөлімі 103 топта ағылшын тілі пәнінен «A Hobby. The Numeral. Cardinal numerals» тақырыбында ашық сабақ өткізілді. Оқытушы: Садабаева М.Б.



Сабақтың мақсаты: сан есімдердің түрлерімен таныстыру, әр түрлі сұрау әдістерін қолдана отырып, ағылшын тілін үйретуде интерактивті тақтаны тиімді қолдану.

**28.10.2014 ж.**

Ағылшын тілі пәнінің оқытушысы Атамбаева А.С. «Емдеу ісі» мамандығы біліктілігі «Акушер» 222 топта кәсіби ағылшын тілі пәнінен «Vitamins. Interrogative pronouns» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Сабақтың мақсаты: дәрумендер тақырыбына байланысты жаңа сөздермен таныстырып, ауызекі сөйлеу тілін жетілдіру. Ағылшын тілін үйретуде интерактивті тақтаны тиімді қолдану, сабақты ойын элементтері арқылы қызықты өткізу.



**29.10.2014 ж.**

«Емдеу ісі» бөлімі 221 топта кәсіби ағылшын тілі пәнінен «Bruise. Fracture. Неопределенные местоимения much, many» тақырыбында ашық сабақ өткізілді.



Сабақтың мақсаты: білімгерлерді лексикалық материалдармен таныстыру, дұрыс оқуға және сөйлеу

**30.10.2014 ж.**

Уркинбаева Д.Б. «Емдеу ісі» бөлімі 219 топта кәсіби ағылшын тілі пәнінен «Myocardial infarction. Passive voice» тақырыбында ашық сабақ өткізді.

Сабақтың мақсаты: ырықсыз етістік туралы жалпы түсінік беру, оның жасалуын үйрету, ағылшын тілін сөйлеу әрекетіне қажетті заңдылықтар мен талаптарды меңгерту, сабақта ойын технологияларын және интерактивті тақтаны тиімді пайдалану. Сабақ өз мақсатына жетті.



**15.10.2014 ж.**

Саткинов Б.Е. «Емдеу ісі» бөлімінің 108 тобында дене шынықтыру пәнінен ашық сабақ өткізді. Тақырыбы: «Легкая атлетика. Обучить технике прыжка в длину с места».



Сабақтың мақсаты: білімгерлерге жеңіл атлетика жайында түсінік беру және салауатты өмір салтын сақтауға

**22.09.-03.10.2014 жылы** Қарағанды қаласындағы «Техникалық және кәсіптік білімді дамыту және біліктілікті берудің республикалық ғылыми-әдістемелік орталығында» Қилыбаева Г.Т., Маханбетова О.А. «Кәсіптік – педагогикалық шеберліктің заманауи тәсілдері» тақырыбында біліктілігін көтерді. **13.10.-24.10. 2014 жылы** Тараз қаласындағы «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығында «Оқытушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру сапасы» тақырыбында курстан өткен оқытушылар: Көбегенова А.Т., Молдабаева М.С., Бекмұрзаева Д. Т., Артыкова Л.А., Акетаева Ж.Т.